

## ИЗВЕСТИЯ ВУЗОВ КЫРГЫЗСТАНА, № 5, 2021

*Орман М.М., Байгутова Д.Н., Молданова Ж.И., Мамыт А.А.*КАЗАК БААТЫР ЭПОСТОЛУНДА БААТЫРДЫН ЖЫЛКЫСЫН  
СҮРӨТТӨӨНҮН ӨЗГӨЧӨЛҮКТӨРҮ*Орман М.М., Байгутова Д.Н., Молданова Ж.И., Мамыт А.А.*ОСОБЕННОСТИ ИЗОБРАЖЕНИЯ БОГАТЫРСКОГО КОНЯ  
В КАЗАХСКИХ ГЕРОИЧЕСКИХ ЭПОСАХ*M.Orman, D. Baigutova, Zh. Moldanova, A. Mamyt*PECULARITIES OF THE OF THE KNIGHT HORSE DEPICTION  
IN THE KAZAKH HEROIC EPOSES

УДК: 821.512.145:398.22 (574)

Макалада казак баатыр эпосторундагы жылкынын чагылдырылышы жана ага байланыштуу каада-салттардын ролу каралат. Эпостордогу аттын сүрөтү, себептери жана аны сүрөттөө функциясы талданат. Баатырдык эпостордун идеясы жана темасы баатырдыкка жана уруу-урууну жана ата-бабаларды душмандардан коргоого негизделгендиктен, аттын бейнеси болбосо, эпос өз максатына жетпейт. Ошондуктан, атка карата ар кандай ишенимдердин жана үрп-адаттардын чагылдырышы табигый нерсе. Баланын жашына жараша калыптанган каада-салттардын бири – баланын ээри менен ат минүү жана ат минүүнү үйрөнүү. Салттын маңызы-баланы кичинесинен ат минүүгө үйрөтүү, андан кийин ага курал берүү жана колдонуу. Бул көптөгөн баскынчылыктардан аман калган көчмөн малчылардын жашоо образы. Макалада казак баатыр эпосторундагы малчылык менен баатырдык жылкынын сүрөттөлүшүнүн функционалдык ролу каралат.

**Негизги сөздөр:** ат, баатыр, малчылык, аттын образы, аттын темасы, аттын идеясы, функционалдык ролу.

В статье рассматривается роль отражения коня и связанные с ним традиции в казахских героических эпосах. Анализируется образ коня в эпосах, причины и функции его описания. Так как идея и тематика героических эпосов основаны на героизме и защите рода-племени и Отчизны от врагов, без образа коня эпос не достиг бы своей цели. Поэтому отражение разных верований и обычаев в отношении коня естественны. Одна из традиций, сформированных в соответствии с возрастом ребенка – это оседлание лошади детским седлом и обучение верховой езде. Суть традиции – обучить ребенка с раннего возраста ездить на лошади, затем давать ему оружие и пользоваться им. Это образ жизни кочевых скотоводов, которые пережили много нашествий. В статье рассматриваются функциональная роль изображения скотоводства и богатырского коня в казахских героических эпосах.

**Ключевые слова:** лошадь, богатырь, скотоводство, образ лошади, тема лошади, идея лошади, функциональная роль.

In the article the role of horse depiction and related traditions in Kazakh heroic epics are examined. Depiction of a horse in epics is analyzed as well as the reasons and the function of its description. Since the idea and subject of heroic epics are based on heroism and protection from enemies, people and motherland without depiction of a horse the epic would not have achieved its goal. Therefore, reflection of different beliefs and traditions in relation to the horse are natural. One of the traditions formed in accordance with the age of the child is to train for saddling a horse and horse riding. The essence of the tradition is to train a

child to ride a horse from an early age, then give him a weapon and train him to use it. This is the nomadic pastoralists way of life who have experienced many invasions. In the article the functional role of horse breeding and the cult of the horse in the Kazakh heroic epics are examined.

**Key words:** horse, hero, cattle breeding, horse image, horse theme, horse idea, functional role.

Тарих дамуының қай кезеңіде болмасын елдің бірлігін сақтап, сырт жаудан халқын, жерін қорғау қоғамдағы ең маңызды, күрделі мәселе болған. Баатырлық жырларының идеясына да осы мәселелер арқау болғаны көптеген ғалымдардың еңбектерінде айтылды. «Әрбір жырдың құрылысына, идеялық бағытына лайық ерлік сарыны түрлі дәрежеде көрініс береді. Сонда да болса қаһармандық аңыздардың басты пафосы - ерлік, Отан қорғау болып келеді» [1, 35-б.].

Түркі халықтарының ежелден мал шаруашылығын игергендігі мәлім. Оның ішінде қазақ халқы да төрт түлік малды ерекше қадір тұтты. Ол «Малым-жанымның садағасы» деген халықтың тұрмыс-тіршілігінен, дүниетанымынан, мәдени өмірінен, салт-дәстүр, әдет-ғұрпынан орын алған.

Қаһармандық эпостардың бас кейіпкердің ғажайып түрде дүниеге келу сюжетінде бір балаға зар болған ата-ананың әулиелі жерлерге барып, құрбандыққа мал шалып, бабаларының аруағына сыйынып, олардың басына түнеу сияқты халықтық дәстүрлер кездеседі. Малдың әртүрлі ерекшеліктеріне қарай қазақта алуан түрлі әдет-ғұрыптар мен ырым-тиымдардың қалыптасқандығы белгілі. Құрбандыққа шалынатын төрт түлік малдың қай – қайысының да түрі, түсі, тіпті жынысының да ескерілгендігі халық әдебиетінің ішіндегі батырлар жырларынан өз көрінісін тапқан. Оның біріншіден, халық арасында маңызының зор болғандығын аңғарамыз, екіншіден, жырда оның жай айтылмағандығын байқауға болады. Ертеде перзент сұрағанда төрт түлік малдың еркек жыныстысын құрбандыққа шалса, ер бала туады деген сенім болған. Қазақ халқы үшін шаңырақтың түтінін түтететін ұл баланың орнының ерекше саналуы осы уақытқа дейін маңызын жоймай жалғасып келе жат-

кан түсінік. Халық санасынан мықтап орын алған осы бір сенімнің басқа-басқа, қаһармандық эпос үшін таптырмайтын зор мүмкіндік болғанын аңғару қиын емес. Жырдың негізгі тақырыбына орай дүниеге ержүрек ер бала келуі қажет. Олай болса елін, жерін, отбасын сырт жаудан қорғар, қамқор болар батыр бейнесін сомдауды мақсат еткен батырлық жырдағы құрбандыққа еркек жынысты малды шалу әдетінің қызметі зор болып саналмақ.

Мысалы Алпамыс батыр жырында:

Мақұл көріп Байбөрі

Қойдан алып қошқарды,

Басқа малды тастады [2, 154-б.].

Мұндай мысалды басқа да қаһармандық жырлардан көптеп келтіруге болады.

С. Қасқабасов «Қазақ халық прозасы» атты кітабында ертегінің батырлық ертегі жанрын бөлек қарастырады. Оған «Құламерген», «Жоямерген», «Керкұла атты Кендебай» т.б. ертегілерді жатқызады. Ертегінің бұл жанрының композициясы, сюжеті батырлық эпосқа ұқсайды. Бұл жайлы С.Қасқабасов және Ш. Ыбыраев еңбектерінде айтылған. Аталған ғалымдар батырлық эпос пен ертегінің тұрақты бөлігі батырдың ат таңдау мотиві екендігіне тоқталған. Бұл пікірлердің дұрыстығын «Керкұла атты Кендебай», «Ер Төстік» ертегілерінің мәтіндері аңдатады.

Елді, жерді қорғауды, біріктіруді ұлы мақсат еткен соғыстардың барлығы да аттың арқасында жүзеге асқандығы белгілі. Эпостардың өзге жанрларымен салыстырғанда қаһармандық эпостарда ат ерекше бейнеленеді. Эпостардағы тұлпар бейнесінен көшпелілердің тұрмыс-салтынан алынған элементтерді де көруге болады.

Ал «Ер Қосай» жырындағы Қосайдың ат таңдауы былай болып келеді: Жеті атасының жеті аты Тасбұлақтың басында мекен қылып жүреді екен, бір жолмен шұбырып су ішеді екен. Сонда Қодар айтты: «Мынау аттың келетін жолы.

Осы бұлақтың басына сені жасырып қоямын, мен басқа жерге жатамын, аяқ тұзақ салып біреуіне жабысып қал» - деді.

«Күн сәскеге келгенде,

Алтын ат аңырап келеді,

Баланың исін алады,

Жолдан шығып кетеді...».

Одан кейінгі жолдарға назар аударайық.

«Бір сарғыш ат келеді,

Жауған күндей сіркіреп,

Жарылған жердей күркіреп,

Бір ернімен жер тіреп,

Бір ернімен көк тіреп...» [3, 139-б.].

Қосай аттың мойнына арқан салып ұстап алады.

Сонда ат сыбырлап сөйлейді. «Құдайдан арманым жоқ, жасым он беске келді, Қосайдың қолына түстім.

Қосай қашан өсер деп, анау алты атты бағып жүрдім, бірақ олардың менен асары жоқ» - дейді.

Жоғарыда мысал келтірілген эпостарда «...тұлпар тек көмекші серік қана емес, көп жағдайларда шешуші міндеттер атқарады.» [4, 227-б.].

«Алпамыс батырдың» Ә. Диваев нұсқасында «Алпамыс бабасына келіп: «Қалмаққа кеткен келініңіздің ізінен кетемін, маған бір ат бер» - дейді. Сонда бабасы: «Жақсы пейілімменен саған еншіңе айтып жүрген бір атым бар еді. Көп жылқының үстіңнен тоғытып айдайын. Сен бір тастың тасасында жат, сенің қайратты ержігіт екеніңді білейін, өзіңе лайықтап айтқан құлыңды ұстап ал. Балам сенің жақсы екеніңді көрейін, еншіңді танып ұстасаң, қолымнан ерттеп берейін». Енді жылқыны Апамыстың үстінен тоғытып айдады. Алпамыс жылқының бәріне қарап жатыр. Жылқылар Алпамыстың үстінен өтіп жатыр. Өзінің атасы Байбөрі байдың көп жылқысының ішінен толып жатқан бедеуден біреуін де көңілі жаратпады. Жылқының бір қара көрінім соңында бір Байшұбар ат көрінді. Жалы құлағынан асқан, төрт аяғын тең басқан, құйрығы бір қолтық сексеуілдің шырпысындай, жал кекілі жібектей. Алпамыс жатқан ақ тастың үстінен жортып өте берді. Алпамыс дереу күшін жиып, құйрығына қол салды. Ат құйрығынан тартып тұрғызған ер мінер деген уәдесінде тұрып «маған ие болуға жарайтын адам екен» деп тұрып қалады» [5, 32-33-бб.].

Көшпенділер салт атты жауынгер болғаны белгілі. Алайда көшпенділерді атпен тек соғыс қана байланыстырды деп айта алмаймыз. Жалпы көшпенді-малшының өмірін жылқы малынсыз елестету мүмкін емес еді. Осы арада эпостарда зор шабытпен жырланатын жылқы турасында біршама тарихқа ойысу арқылы ойымызды дәлелдей түсуімізге мүмкіндік бар.

Жырларда ат – сенімді серік қана емес, молшылықтың көзі. Ат көшпендіге жесе азық, кісе киім, мінсе көлік болды. Десек те аттың негізгі рөлі жауынгердің соғыстағы серігі болған. Тарихи мәліметтер бойынша Дешті Қыпшақ көшпенділері әртүрлі аттар өсірген. Олардың ішінде әсіресе соғыс жорықтарына арналған аттар ерекше бағаланатын болған. Әрбір жауынгер кем дегенде екі атқа ие болған, егер ол дәулетті болған болса, алты атқа дейін иемденген. Бұл үздіксіз қозғалыстың қажеттілігімен түсіндіріледі, яғни шалдыққан ат үнемі ауыстырылып отырылуы қажет. Ұрыстың негізі қуудан тұрған және қарсыласынан құтылу жағдайында да тың аттың болуы маңызды болып саналған. Эпостарда батырдың бір аты болады. Біреу болғанда да ерекше ат болады. Ол ерекше күшке ие болады және көпшілік жағдайда егесімен сөйлеседі. Батырдың аты шаршағанын білмей, құстай ұшады. Олар қолтығының астында қанаттары болады деп суреттеледі. «Қазақтың

ескі наным бойынша тұлпардың қолтығының астында адамның көзіне көрінбейтін қанаты болады. Сондықтан, тұлпар туарда оның нәзік қанаты сөгіліп, жырттылып кетпес үшін, құлынды енесінің ішін жарып алу керек деп санаған. Батырлық жырында, ертегіде тұлпар осылай туады» [6, 5-6-бб.].

Бұл қасиеттерінің барлығы атты адамнан да артық дос етеді. Мысалы, «Қобыланды батырдағы» Бурыл мен Қараманды салыстырсақ, Қобыландыға Бурылдың жақын екені сөзсіз. Ол Қобыландының оған айтқан сөздерінен де аңғарылады.

Қолтығыңа қос қанат  
Үстінде мен аманат  
Үкілі құйрық, майда жал  
Сөзіме менің құлақ сал...

Қобыланды атына досы сияқты қарайды. Бар күшін жинап жауды жеңу үшін бар күшін жиып көмектесуін сұрайды.

Қоямысың намысқа  
Жан серігім, Бурыл ат  
Барыңды бүгін қарышта  
Қаса тұлпар ат болсаң  
Ұшқан құстан қалыспа  
Қырық күншілік Қазанға  
Бір мезгілде жетуге  
Сізге малға алыспа

Бұл үзіндіден көп нәрсе көрнекі түрде берілген. Әрине, эпикалық поэтика заңдылықтарымен барынша әсіреленіп берілгені белгілі. Бұл жерде жыршының батырдың аузымен метафоралы сөздерді айтқыза білуі қызықты. Ат алтынға да, күміске де, қанатты құсқа да баланады. Қобыланды мен Бурылдың арасында ажырамас тұтастық бар. Оны батыр саналы түрде түйсінеді. Қадірлі аттың өзіне лайықты иесі және керісінше ер жігіттің ерекше аты болуы тиіс. Бұл орайда Бурыл-нағыз тұлпар, ал Қобыланды-сұңқарға теңеледі. Бірінің қадірін бірі асырады. Бұл көшпелілердің діліне байлансты. Орта ғасырлардағы халықтардың барлығының тұрмыс-тіршілігінде жылқы малы зор маңызға ие болған. Алайда түркі халықтарынан басқа ешбір халықта атқа арналған жыр мұнша көп сақталмаған. Жырлардағы аттың образы батырлық жыр үшін аса қажет болғаны түсінікті де. Себебі тақырыбы батырлық, идеясы елді жаудан қорғау болған жырлар аттың суреттелуінсіз мақсатына жете алмас еді. Эпоста жылқы малына қатысты түрлі сенімдер мен әдет-ғұрыптардың көрініс беруі заңды құбылыс.

Кейбір батырлық жырлардан баланың үлкендердің тарапынан өмір жағдайларына үйретіліп, түрлі кәсіпке, өнерге баулынатынын да білеміз. Баланың жас ерекшелігіне қарай қалыптасқан салт-дәстүрлердің ішінде үш пен алты жасы аралығында баланы ашамайға отырғызу салты болған. Ол да батырлар

жырынан өз көрінісін тапқан. Перзентсіздік зарын тартқан Бозмұнай:

Ашамайға мінгізіп,  
Көш алдына жүргізіп,  
Әжептәуір құрбының  
Алдына алып, сүйгізіп,  
Алашқа атын білгізіп,  
Ұл қызығын көрмедім [7, 88-б.] деп қапаланады.

Бұл атқа жасөспірім бала отыра алатындай, арнайы қайыңның безінен шаптырып жасалған ашамай ер салып, оған баланы отырғызып, ауыл - аймақты аралататын салттың анық дәлелі. Ал көштің алдында атқа алғаш-мінген балаларын бай, беделді адамдар жүргізетін болған. Бұл оқиға-да «Қара басы хан болған, байлығы жұртқа аң болған, малы Алашқа таң болған» Бозмұнайдың дәрежесін паш етіп отыр.

Орта ғасырлардағы көшпелілер өмірі жаугершілік соғыс әрекеттерімен анықталған. Бұл жағдай адамдарды соғысқа үнемі дайын болуға және өмір сүру салтын да соғыс қажеттілігімен өлшеуге үйретті.

Адамдар бала күнінен жауынгерлік қажыр-қайрат қажет деген санада тәрбиеленді. Қазақ балаларының бұрындары алдымен атқа отыра білуге үйренуі маңыздырақ болғаны белгілі және есейе келе қарудан оқ ату өнеріне машықтандырылған.

Қарасай менің шырағым,  
Менен туған ұл болса,  
Ұл екені шын болса,  
Атқа мінер күн болса,  
Кемеліне келгесін,  
Ер Көкшенің қызыл атын,

Қарасай мінсін астына [8, 27-б.] «Қазақ баласы қаршадайынан атқа мініп шабуды, 5-6 жасынан бастап қозы - лақ қайыруды, мал бағуды үйренген. Атқа міну тойы баланың әжетке жарап, еңбекке араласуы, азаматтықтың басы деп ұққан. Ол балаға да үлкен ой туғызып, тез есеюіне әсер еткен» [9, 22-б.] Қаһармандық эпостарда болашақ батырдың ересек адамның тарапынан түрлі өнерге үйрету жағдайлары көрініс беріп отырады. Бұл жөнінде В.Я Пропп өзінің «Исторические корни волшебной сказки» еңбегінің «Обряд посвящения» бөлімінде «Его обучали приемам охоты, ему сообщались тайны религиозного характера, исторические сведения, правила и требования быта и т. д. Он проходил школу охотника и члена общества, школу плясок, песен, и всего, что казалось необходимым в жизни» [10, 150-б.] деген. Үлкендердің тарапынан кішілердің сыналуы алғашқы қауым кезеңдерінен бері сақталған салт болса, оның баланы қабілетіне, бейініне қарай түрлі өнерге үйретіп, тіршілікке бейімдеу түріндегі көрінісі эпостарда жақсы сақталған. Мұның ежелгі ру тайпалардың тұрмысында болған инициация салтына тікелей қатысы бар деп жорамалдауға болады және батырлар жырында жиі ұшы-

расатын бата беру, атқа отырғызу т.б. сияқты ғұрыптар осы инициациядан қалған белгі болса керек.

Қаһармандық эпостарда болашақ батырдың ересек адамның тарапынан түрлі өнерге үйрету жағдайлары көрініс беріп отырады. Балаға жас күнінен атқа отыруды, кейін келе қолына қару беріп, оны қолдана білуді үйрету дәстүрінің мәнісі көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан, жаугершілікті басынан көп өткерген халықтың өмір салтына барып тіреледі. Ал біз үшін маңыздысы – ол дәстүрдің қаһармандық жырлардан орын алуы болмақ. Бұл айтылған жағдайға «Қобыланды батыр» жыры жарқын мысал бола алады.

Қобыланды барғасын

Естеміс ерің баулиды.

Күнде киік аулайды,

Кездессе жауын жаулайды [5, 22-б.], - деген жыр жолдарынан болашақ батырдың өмірде көргені мен түйгені көп Естеміс қарттың тәрбиесінде жүріп саятшылықтың барлық жөн жоралғыларымен танысып, айналысқанына куә боламыз. Жырдың басында айтылып кететін бұл қысқаша эпизод басты кейіпкердің алдағы ерлік әрекеттеріне бастама ретінде қосылып отырғаны белгілі. Яғни, жастайынан еңбекпен шындалып, шынықпаған баланы кейінгі сюжеттерде батыр бейнесінде көрсету қисынға келмесі сөзсіз. Яғни, Қобыланды үлкен ерлік жасамас бұрын өмірдің әртүрлі сынынан өтеді. Сондай-ақ, кейін Қобыландының балаларының да баулушысының ролінде Естемісті көреміз. Мұның өзінен бұл жауапты істі келген кісі емес, өмірден жиған тәжірибесі мол, сенімді адамға тапсырылатындығын аңғару қиын емес. Осылайша келешек батыр Қобыланды елін, жерін сырт жаудан қорғаудың жауапты сапарына дайындалады, яғни аңшылық, саятшылыққа, шығу арқылы қару-жарақ асынудың, оны пайдалана білудің түрлі амалдарын үйренеді. Олардың маңызды алғышарттарының бірі-жігіттің өзіне мінетін ат таңдауы болып табылады. Бұл құбылыс эпостық жырларға, әсіресе, тән болып келеді. Батырлар жырындағы батырдың ат таңдау рәсімі жылқы малының қолға үйретіле бастаған уақыттан бері келе жатқан сарын десек, ол санғасырлық тарихы бар ұзақ үрдіс болып табылады. Н.Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының алғашқы тарауын атқа міну мәдениетіне арнайды. Ата-бабаларымыздың жылқыны қолға үйрету арқылы ең алдымен мәдениеттің негізін қалағандығын

айтады. «Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі...Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі – батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі «мәдени кодының» айрықша элементі» [11].

Ат образы басқа эпостарға қарағанда қаһармандық эпостарда ерекше орын алатындығы белгілі. Себебі эпостың тақырыбы мен идеясына байланысты екендігі ғылымда айтылды. «Халықтың эпикалық санасында Ел, Отан, ру-тайпа, отбасын қорғаушысына айналған батырдың образы оның ерекше жүйрік тұлпары мен батырлық қару-жарағымен бірлікте ұғынылады» [4, 222-б.] Тұлпарсыз батырларды сипаттаудың еш мәнісі болмаған болар еді, олардың ерлігі де мұншалықты биік даңқты дәрежеге көтерілмесе керекті.

Қандай шығарма болмасын оның жасалуы тақырыбы мен идеясын ашуға бағындырылады. Сондықтан да ондағы кез келген амал, тәсіл болсын сол мақсаттың төңірегінде жүзеге асырылады. Сол сияқты батырлық жырдағы халықтың тұрмыс-тіршілігімен біте қайнасқан мәдени дәстүрінің жырларда көрініс беруі де осы мақсатқа бағытталған дей аламыз.

#### Әдебиеттер:

1. Бердібай Р. «Эпос мұраты», Жоғары оқу орындары филология факультеттерінің студенттеріне арналған колданба құрал. - Алматы: «Білім» 1997. - 320 б.
2. Батырлар жыры. 1-том. - Алматы: Жазушы, 2006. - 256 б.
3. Батырлар жыры. 3-том. - Алматы: Жазушы, 2006. - 296 б.
4. Әзібаева Б.У., Қазақ эпосының сюжеттері - Сюжеты казахского эпоса: монография/ Әзібаева Б.У - Алматы: «Servise Press», 2014. - 576 б. - Қазақша, орысша.
5. Бабалар сөзі: Жүз томдық. - Астана: «Фолиант», 2006. Т.33: Батырлар жыры.
6. Халиолла Ахметжан. «Қанатты тұлпарлар», «Егемен Қазақстан» 28.07.2004
7. Батырлар жыры. 2-том. - Алматы: Жазушы, 2006. - 280 б.
8. Қыдырәлі Саттаров (құрас.) Рухани мұра. 1-том. Қазақтың ерлік эпостары (көмекші құрал - хрестоматия): «Батыр Мамай - Қанды Орақ», «Қырық қыз», «Алақай батыр». - Алматы: «Жазушы», 2006. - 424 бет.
9. Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. - Алматы «Рауан» 1994. - 218 б.
10. Пропп В.Я. Исторические корни волшебной сказки. - Л., 1986. - 509.
11. <https://egemen.kz/article/178090-nursultan-nazarbaev-uly-dalanyh-dgeti-qyry> © egemen.kz Просмотрено 14.11.2021